

## Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Алматы қ.

№220564

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "А.Н.Сызганов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Баймаханов Болатбек Бимендеевич атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Forte NS" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, жарғы негізінде әрекет ететін директор Сариев Сағындық Кунашевич атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2022-09-22» жыл № 8354005-1 «Өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### 1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### 2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 10 919 391.84 (он миллион тоғыз жүз он тоғыз мың үш жүз тоқсан бір тенге сексен төрт тиын) ) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 1 169 934.84 тенге (бір миллион жүз алпыс тоғыз мың тоғыз жүз отыз төрт тенге сексен төрт тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) қол қойылған Шарт;

2) жүкқұжат



3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есеп;

5) жеткізілген тауарлардың санын, бірлік бағасы мен жалпы сомасын сипаттай, көрсете отырып, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған электрондық шот-фактура;

### **3 Тараптардың міндеттемелері**

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы 327 581.76 ((үш жүз жиырма жеті мың бес жүз сексен бір тенге жетпіс алты тиын)) құрайтын Шарттың жалпы сомасының 327 581.76 теңгеге тең 3 (үш) пайызы мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын және 0.00 теңгеге Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарт мәні бойынша көзделген аванс мөлшерін, төмендегідей түрде енгізуге міндеттенеді:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

Бұл ретте, Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

6) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

7) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

~~8) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де~~  
Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдап алу-беру актісін, сондай-ақ осы Қағидаларға 44-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамту туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

10) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

11) Өнім беруші "дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау Қағидалары" туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-19 бұйрығына сәйкес олардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын сақтауды қамтамасыз ететін жағдайларда сақтауды және тасымалдауды қамтамасыз етуге тиіс.

12) Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы "Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ кодексіне сәйкес дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын бағалау сертификатының болуы тиіс

13) Қазақстан Республикасының аумағында дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар, профилактикалық (иммундық-биологиялық, диагностикалық, дезинфекциялаушы) препараттарды тіркеу және осы Кодекстің ережелеріне сәйкес және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен (дәріханаларда өндірілген дәрілік заттар, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен, тіркелмеген дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың құрамдас бөліктері болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тәуелсіз өнім немесе құрал ретінде пайдаланылмайтын жетімдік препараттарының тізбесіне енгізілген (денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген) рұқсат құжатын тапсыруы тиіс;

14) Фармацевтикалық қызметке Лицензия және/немесе медициналық мақсаттағы бұйымдарды көтерме немесе бөлшек сауда да өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама беруі тиіс

15) Өнім беруші "дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалау қағидалары" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығының талаптарына сәйкес таңбалауды, тұтыну қаптамасын және қолдану жөніндегі нұсқаулықты қамтамасыз етуі тиіс.

### 3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алу жүйесі асыру қағидаларының 346-тармағында Осы құжатты электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

белгіленген мерзімде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### 3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

## 4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 күнтізбе күні ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

4.6 Дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың Тапсырыс берушіге жеткізу күніне жарамдылық мерзімі мыналарды құрайды: Қаптамадағы көрсетілген жарамдылық мерзімінің елу пайызынан кем емес (жарамдылық мерзімі екі жылдан кем болған кезде); Қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде он екі ай (жарамдылық мерзімі екі жыл және одан көп болған кезде);



## 5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

2) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

3) Дайындаушының немесе Өнім берушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты;

4) егер Тауар Қазақстанда шығарылған болса, онда «Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2021 жылғы 13 шілдедегі № 454-НҚ бұйрығымен бекітілген тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23514 болып тіркелген) (бұдан әрі – Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидалары) сәйкес белгіленген тәртіппен берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер қазақстанда шығарылған жеткізілетін тауарлардың көлемі екі және одан да көп бірлікті құраса, онда Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларға сәйкес жеткізілетін көлемге (үлгіге берілген сертификатты қоспағанда) немесе сериялық өндіріс өніміне берілген «СТ-KZ» Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе белгіленген үлгідегі көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі ұсынылады.

Егер Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетел тауарының мәртебесін айқындау, тауардың шығарылуы туралы сертификат беру және оның күшін жою, тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификаттың нысанын белгілеу жөніндегі қағидаларында белгіленген тәртіппен шығарылған елдің тиісті органы берген тиісті Тауардың шығарылған елі туралы сертификатының түпнұсқасы немесе көшірмесі беріледі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары құны республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы құнына бекітілген және мемлекеттік тауарларды сату және сатып алу туралы заңдарының 10-бабының 1 тармағының 1 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

сатып алу туралы шарттарға ғана қолданылады.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

## **6 Кепілдік. Сапа**

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

## **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық



айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Шартты бұзған жағдайда оның орындалуын қамтамасыз ету соманы қайтармайды.

7.9 Тапсырыс беруші енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қамтамасыз ету сомасын өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде, сондай-ақ Өнім беруші Шарттың қолданылу кезеңінде Шарттың орындалуын қамтамасыз ету тәсілін ауыстыруды ұсынған жағдайда Өнім берушіге қайтарады.

## **8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары**

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2022-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін қызмет көрсетілген жағдайды қоспағанда, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді соманы енгізбеу жолымен Шарт жасасудан жалтарса кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс.

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға



байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## 11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## 12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 45-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

## 13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы  
г.Алматы, Желтоқсан, 62  
БСН 990240008204  
БСК КСJBKZKX  
ЖСК KZ63856000004322828  
"Банк ЦентрКредит" АҚ  
Тел.: 8727-278-04-44  
Басқарма төрағасы Баймаханов Болатбек  
Бимендеевич

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):  
"Forte NS" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
г.Нур-Султан, ДОСТЫК, 13  
БСН/ЖСН 110240014653  
БСК HSBKZKX  
ЖСК KZ156017111000001170  
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ  
Тел.: 87055665556  
директор Сариев Сағындық Кунашевич

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 8354005-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
<b>2022 қаржылық жыл</b>												
22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	Реагент	инфекция қоздырғышын көзбен анықтауға арналған бояғыш	Himza анықтау үшін Helicobacter Pylori 5 x 150 мл Premium. Асқазан шырышты биопсиясының үлгілерінде Helicobacter Pylori анықтауға арналған дайын ерітінділер жиынтығы. Жиынтық 5 x 150 мл кем дегенде 75 тестке есептелген. Жиынтық құрамындағы реактивтер: А. модификацияланған Гимза ерітіндісі, 150 мл В. Ацетатты буфер, 150 мл. С, дифференциалдау реактиві, 150 мл D. сусыздандыратын реактив, 150 мл Е. сусыздандыратын реактив, 150 мл	Жиынтық	2	58 000.32	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алматы ауданы ул.Желтоқсан, 62, 51 (2)	0	116 000.64
<b>2022 қаржылық жыл</b>												



22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия Ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	Төсеніш шыны	микроскопқа арналған	Микроскопияға арналған маталы өрісі бар, мата қағазы бар слайд. Өлшемдері 76*26 мм, 1.0-1.2 мм бұрышы 90/45 орамада 50 дана.	Бума	500	1 000.16	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алмалы ауданы ул.Желтоқсан, 62, аптечный склад (500)	0	500 080.00
<b>2022 қаржылық жыл</b>												
22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия Ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	Пышақ	медициналық	Микротомды жүздер N 35. Қатты үлгілерді микромирлеуге арналған. Бір рет қолданылатын пышақ ұстағыш тот баспайтын болаттан жасалған бірегей жылжымалы қысқыш механизммен жабдықталған. Пышақтың көлбеуі 135 °. Ұстағыштың ұзындығы: 9 см. ұстағыштың ені: 0,11 см (11 мм). Ұстағыштың биіктігі: 0,01 см (1 мм). 50 дана / уп	Бума	15	83 000.96	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алмалы ауданы ул.Желтоқсан 51, (15)	0	1 245 014.40
<b>2022 қаржылық жыл</b>												
22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия Ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	Жабын әйнек	микроскопқа арналған	Жабын шынысы 24x50 ММ. жабын шынылары керемет беріктікке және икемділікке ие, бұл препараттың үлкен ауданы кезінде де сапалы жабуды қамтамасыз етеді. Қалыңдығы 0,13-0,16 мм 100 дана/уп	Бума	300	900.48	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алмалы ауданы ул.Желтоқсан 51, (300)	0	270 144.00
<b>2022 қаржылық жыл</b>												



22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия Ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	Формалин	маркасы ФМ, жоғары сұрып	<p>Формалин 10% буферлі, 10 л. гистологиялық үлгілерге арналған әмбебап бекіткіш. Сипаттамасы: рН 7,0-7,2, тұтқырлығы 1,003, концентрациясы 0,05 м, буып-түю 10 л. Құрамы: екі негізді дигидрат натрий фосфаты 0,7-0,8% (CAS 10028-24-7), монобазды моногидрат натрий фосфаты 0,15-0,2% (CAS 7558-80-7), Формальдегид 4% (CAS 50-00-0), Метанол 0,1 % (CAS 67-56-1), деионизацияланған су. Орау: бастапқы контейнер: полиэтилентерефталаттағы ақ канистр (ПЭТ). Пайдалы сыйымдылығы 10 литр. HDPE қақпағы, диспенсер жүйесімен жабдықталған, диаметрі 6,5 см. Полиэтилентерефталат-полиэстер отбасының термопластикалық полимеры. ПЭТ оттегі, көмірқышқыл газы және басқа газдар үшін оңтайлы кедергі болып табылады. Бұл материал ультракүлгін сәулеленуге және химиялық агенттерге (еріткіштер: ксилол, лимонен, сұйық парафиндер, спирттер, қышқылдар, негіздер және т.б.) жоғары қарсылыққа ие. Ол биологиялық инертті.</p>	Литр	60	20 000.96	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алмалы ауданы ул.Желтоқсан, 62, 51 (60)	0	1 200 057.60
<b>2022 қаржылық жыл</b>												



22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	Формалин	маркасы ФМ, жоғары сұрып	Формалин 40% 10 кг. гистологиялық үлгілерге арналған әмбебап бекіткіш. Формалин 37% шоғырланған. Түссіз мөлдір сұйықтық, сақтау кезінде қарқын кезінде еритін ақ тұнба түзілуіне жол беріледі. 40 градустан жоғары емес. Өнім ГОСТ 1625-89 "В/С"біліктілігіне сәйкес келеді. Формальдегидтің массалық үлесі 37,2 (+0,3) %. Метанолдың массалық үлесі 4,0-8,0%. Құмырсқа қышқылына қайта есептегендегі қышқылдардың массалық үлесі 0,02% артық емес. Темірдің массалық үлесі 0,0001% артық емес. Қыздырудан кейінгі қалдықтың массалық үлесі 0,008% - дан аспайды.	Килограмм	50	2 300.48	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алмалы ауданы ул.Желтоқсан 51, (50)	0	115 024.00
-----------------	--	----------	--------------------------	---	-----------	----	----------	--	--	--	---	------------

### 2022 қаржылық жыл

22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	Реагент	асфальтты шайырлы және парафинді шөгінділер	Тіндерді гистологиялық құюға арналған Парафин 52/54. Күнделікті жұмыс үшін төмен балку температурасы бар жасанды балауыз. Әр түрлі кең спектрлі үлгілерді өндеуге арналған t 52/54 °C кезінде балку нүктесі бар парафинді блоктарды жасауға арналған парафинді балауыз қоспасы . Төменгі балку температурасы оны жұмсақ тіндермен жұмыс істеуге жарамды етеді, деформацияланбайды және зақымдалмайды, өңдеу кезінде морфология тіндерін жақсы сақтауға мүмкіндік береді. 52/54 парафин түйіршіктерінің қоспасы-диметилсульфоксидті (DMSO) қоспай парафин балауызы мен пластикалық полимерлердің оңтайлы қоспасы. Бастапқы контейнер: химиялық белсенді реагенттер мен ылғалдылыққа төзімді тығыз полиэтиленді қаптама. Екінші қаптама: картон қорап. 1 кг.	Килограмм	400	7 000.00	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алмалы ауданы ул.Желтоқсан 51, (400)	0	2 800 000.00
-----------------	--	---------	---	--	-----------	-----	----------	--	--	---	---	--------------

### 2022 қаржылық жыл



22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	Пышақ	медициналық	Бір рет қолданылатын микротомды пышақтар S35. Сериялық және жұмсақ бөліктерге арналған. Бір рет қолданылатын пышақ ұстағыш тот баспайтын болаттан жасалған бірегей жылжымалы қысқыш механизммен жабдықталған. Пышақтың көлбеуі 135 °. Ұстағыштың ұзындығы: 9 см. ұстағыштың ені: 0,11 см (11 мм). Ұстағыштың биіктігі: 0,01 см (1 мм). 50 дана / уп	Бума	15	83 000.96	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алмалы ауданы ул.Желтоқсан 51, (15)	0	1 245 014.40
-----------------	--	-------	-------------	---	------	----	-----------	--	--	--	---	--------------

**2022 қаржылық жыл**

22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	Пышақ	медициналық	Бір рет қолданылатын микротомды пышақтар R35. Күнделікті және қатты үлгілерге арналған. Бір рет қолданылатын пышақ ұстағыш тот баспайтын болаттан жасалған бірегей жылжымалы қысқыш механизммен жабдықталған. Пышақтың көлбеуі 135 °. Ұстағыштың ұзындығы: 9 см. ұстағыштың ені: 0,11 см (11 мм). Ұстағыштың биіктігі: 0,01 см (1 мм). 50 дана / уп	Бума	15	83 000.96	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алмалы ауданы ул.Желтоқсан 51, (15)	0	1 245 014.40
-----------------	--	-------	-------------	---	------	----	-----------	--	--	--	---	--------------

**2022 қаржылық жыл**

22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	Арнайыланған кассета	рентгенді, фотоматериал	Биопсиялық төсемдер. Шағын биопсиялық материалдың жоғалуына жол бермеу үшін кассеталарға немесе капсулаларға салуға арналған, 500 дана/сағ еріткіштердің әсеріне төзімді.	Бума	1	10 000.48	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алмалы ауданы ул.Желтоқсан, 62, 51 (1)	0	10 000.48
-----------------	--	----------------------	-------------------------	---	------	---	-----------	--	--	---	---	-----------

**2022 қаржылық жыл**

22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	Арнайыланған кассета	рентгенді, фотоматериал	Қақпағы бар тікбұрышты саңылаулары бар гистологиялық кассеталар, ақ түсті. Стандартты операциялық материалды сымдарға арналған, төсіктердің мөлшері 0, 9x0, 9 мм.бір қолмен ашу және жабу үшін қос ішекпен бекітілген. Жазуға арналған өрістің еніс бұрышы-35 градус 500 дана/уп.	Бума	50	23 000.32	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алмалы ауданы ул.Желтоқсан, 62, 51 (50)	0	1 150 016.00
-----------------	--	----------------------	-------------------------	---	------	----	-----------	--	--	--	---	--------------

**2022 қаржылық жыл**



22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	Пышақ	медициналық	Микротомды жүздер С35. Муздатылған маталарды криостатты кесуге арналған 20 дана/уп	Бума	5	58 000.32	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алмалы ауданы ул.Желтоқсан, 62, 51 (5)	0	290 001.60
<b>2022 қаржылық жыл</b>												
22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	Реагент	жабдықты қорғауға және парафин қабаттануды жоюға арналған	Сириус қызыл. Амилоидты формалинмен бекітілген және парафинге бекітілген 100 тест препараттарында анықтауға арналған дайын ерітінділер жиынтығы. Жиынтық құрамындағы реактивтер: А. Сириус Қызыл ерітіндісі 30 мл В, буфер ерітіндісі 1, 30 мл С, буфер ерітіндісі 2, 30 мл D. Майердің Гематоксиліні, 30 мл	Жиынтық	1	58 000.32	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алмалы ауданы ул.Желтоқсан, 62, 51 (1)	0	58 000.32
<b>2022 қаржылық жыл</b>												
22062298-ОЛ-ОИ2	"А.Н.Сызганов атындағы Хирургия ұлттық ғылыми орталығы" акционерлік қоғамы	о-Ксилол	сұйықтық	Ортоксилол (гистологияға арналған ксилол). Ортоксилол. Құрамында бөгде қоспалары мен суы жоқ мөлдір сұйықтық 0,003 г к2сг2о7 ерітіндісінен қараңғы емес, тығыздығы 20 °С, г/см3 0,878-0,880, айдаудың температуралық шегі 5-тен 95% -ға дейін, °С, 0,4-тен аспайды, кристалдану температурасы, °с,минус 25,5-тен төмен емес, Негізгі заттың құрамы, %, 99,2-ден кем емес; бромдық саны, 100 мл ортоксилолға бром г ГОСТ 2706.11-ден артық емес, ТШ бойынша норма 0,18, нақты мәні 0,01-ден кем емес.	Килограмм	150	4 500.16	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	в течение 15 календарных дней со дня получения заявки от Заказчика	Алматы қ., Алмалы ауданы ул.Желтоқсан, 62, 51 (150)	0	675 024.00



## Договор о государственных закупках товаров

г.Алматы

№220564

Акционерное общество "Национальный научный центр хирургии имени А.Н.Сызганова", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Председатель Правления Баймаханов Болатбек Бимендеевич, действующий на основании Устава, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "Forte NS", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает директор Сариев Сагындык Кунашевич, действующий на основании устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом «Из одного источника по несостоявшимся закупкам» от 2022-09-22 года № 8354005-1, заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия поставки товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

### 2 Сумма Договора и условия оплаты

